ӘДЕП



Кент әкімі неге ескерту алды? 2

ҒЫЛЫМ



«Білімде бірінші орында дәстүр болуы керек» 3

ЖӘДІГЕР



Күміс қасық 4

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА



Білім шамшырағы 4



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№34 (19910)

5 наурыз, **БЕЙСЕНБІ** 2020 жыл




## ИНВЕСТИЦИЯ: меже – 481 млрд теңге

**Биыл Сыр өңіріне 481 млрд теңге инвестиция тартылады. Негізгі капиталға инвестициялардың нысаналы индикаторын бекіту туралы меморандумға сәйкес осындай меже қойылып отыр. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен өткен инвестор тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі өңірлік кеңес отырысында меморандум талаптарының орындалу барысы талқыланды.**

Назерке САНИЯЗОВА.

Бұл – кеңес мүшелерінің биылдыққа бірінші рет жиналуы. Өткен жылы 4 рет бас қосып, 6 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру мәселелерін пысықтап, инвестиция тарту, инвесторларды сүйемелдеуге жауапты ұйымды анықтаған болатын.

– 2019 жылдың қорытындысымен негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 400 млрд теңгені құрады. Яғни 2018 жылмен салыстырғанда 17,4 процентке артық. Нәтижесінде республика бойынша біздің облыс алғашқы төрттікке енді. Биыл да осы қарқынды төмендетпеуіміз керек, – деді аймақ басшысы.

Облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев осы бағытта атқарылған жұмыс пен жоспар туралы айтып берді. Былтыр игерілген қаржының 22,1 проценті республикалық бюджетке тиесілі. «Ақсуат», «Сексеуіл» газ компрессорлық станциялары, «Сарыарқа» газ құбыры секілді бірреттік жобаларға ел тайқазанынан қаражат бөлінді. Инвестицияның қалғаны өңір үлесінде.

– Соңғы 3 жылдағы талдау нәтижесіне сәйкес негізгі капиталға тартылған қаржының басым бөлігі өнеркәсіп саласына, оның ішінде өңдеу, тау-кен өнеркәсіптеріне бағытталды. Құрылыс жобаларына 15 проценті, электр, газ және жылумен жабдықтау салаларына 52,9 млрд теңге қарастырылды, – деді басқарма басшысы.

Денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы, цифрлық технологиялар секілді салаларға инвесторлар тарту әлеуеті де, маңызы да зор. Мысалы, онкология орталығын салу, Қызылорда қалалық №1 емхананың ескірген ғимаратын жаңалау, мектеп жетіспеушілігі мәселелерін шешуде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдаланған тиімді. Жаңақорғандағы тұралап тұрған томат пастасы зауытын іске қосатын уақыт жетті.

Кеңес отырысында қала және аудан әкімдері меморандум аясында бекітілген жобалардың орындалу жайын тілге тиек етті.

– Елбасы жалпы ішкі өнімдегі инвестиция үлесін 2024 жылдың соңына қарай 30 процентке дейін арттыруды тапсырды. Республика бойынша инвестиция көрсеткіші жоғары межемен бекітілді. Биыл да жоспар аясында нақты шаралар атқарылуы тиіс, – деді облыс әкімі.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

# Бақылау босаңсымауы керек

**Сейсенбіде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.**

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

Облыс басшысы әуелі жыл басында барлық құқық қорғау органдарында алқа мәжілістері өткізіліп, өткен жыл қорытындыланғанын еске салды. 2020 жылы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік қызметіндегі жаңа міндеттер мен басымдықтар айқындалды. Өткен жылдың қорытындысымен облыс көлеміндегі жалпы құқық бұзушылық қылмыстар 19%-ке азайған. Оның ішінде кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер жасаған қылмыс 28,1%-ке төмендеген. Көрсеткіш жақсарды дегенмен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық өзекті күйінде қалып отыр.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2019 жылы қабылданған және 2020 жылы атқарылатын шаралар туралы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов хабарлама жасады.

Оның атап өткеніндей, 2019 жылы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық көрсеткіші 2018 жылмен салыстырғанда 28,1%, жасөспірімдердің қатысуы 34%-ке азайған. Жасалған қылмыстардың 54%-і ұрлық, 46%-і тонау, бұзақылық, ауыр және орташа дәрежедегі дене жарақатын салу секілді құқық бұзушылықтар. Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережесіне сәйкес тәртіпке бағынбайтын, қылмысқа бейім балалар мектепішілік, колледждік және ішкі істер органдарының есебіне алынады. Аталған санаттағы балалар саны 305 болып отыр. Оның 170-і мектепішілік, 32-сі колледждің және 103 бала ішкі істер органдарының есебінде. Бұлар білім беру ұйымдарындағы тәрбие жөніндегі орынбасарлар мен психологтардың бақылауына алынған. 2019 жылы дәстүрлі «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық бірлескен іс-шаралар рейді 1193 рет ұйымдастырылып, оған 4339 адам қатысқан. Сондай-ақ, отбасылық және рухани тәрбие беру бойынша «психологиялық көмек» мақсатында ата-аналар конференциясы ұйымдастырылып, психологтардың кеңесі берілген.

2020 жылдың алғашқы екі айында кәмелетке толмағандар тарапынан екі аса ауыр қылмыс орын алды. Топтық төбелес нәтижесінде бір жасөспірім қайтыс болса, екі оқушы пышақ жарақатын алған. Осыған байланысты комиссияның жедел отырысы өтіп, жан-жақты талқыланды. Оқиғаға қатысы бар оқушылар оқитын мектеп директорларына сөгіс беріліп, колледж директоры қызметінен босатылған.

Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Шалқаров ішкі істер органдарының бақылауына алынған 103 балаға арнайы сараптама жасалғанын айтты. Әрбір мектеп бойынша ювеналды полиция қызметкерлері ұстаздармен бірлесіп жұмыс жүргізуде.

– Балалар мектеп бітіргенде өмірге бейімделіп, бәсекелестікке қабілетті болып шығуы керек. Ал мектеп табалдырығынан шықпай жатып, пышақтасып жатса не болғаны? Қазір XXI ғасыр, бұл – интернеттің заманы, бандитизмнің заманы емес. Балалар білім алуға ұмтылуы керек. Біз сол бағытта тәрбие беруге тиіспіз, – деген облыс әкімі білім ошақтарының басшылары, тәрбиеге жауапты қызметкерлері, сынып жетекшілері өз міндеттеріне барынша жауапты болу керектігін ескертті.

2-бет.

ДЕМЕУ

# Бала өмірі бәрінен маңызды

**Кеше Болат Өтемұратов қоры атынан облыстық перинаталдық орталыққа шала туған нәрестелерді құтқарып қалуға арналған заманауи құрылғы табысталды.**

Айнұр БАТТАЛОВА.



«Teco Therm Neo» аппараты жаңа туған нәрестелердің бүкіл денесін немесе белгілі бір бөлігін қыздыру мен салқындата отырып, бақыланатын емдеу процедураларын жүргізеді. Нақты айтқанда, құрылғы негізінен гипоксиялық ишемиялық энцефалопатиясы бар жаңа туған нәрестелерді гипотермиялық емдеу кезінде қолданылады.

Шарада облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қор жетекшілеріне алғыс білдірді.

– «Денсаулық» бағдарламасы аясында ана мен бала өлім-жітімін төмендету мақсатында жергілікті бюджеттен соңғы үш жылда қомақты қаржы бөлініп, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді және реабилитация бөлімі ашылды. Республикалық, жергілікті бюджеттен тыс қосымша қайырымдылық қорларынан да көмек берілуде. Соның ішінде Болат Өтемұратов қоры бұған дейін де, яғни, 2014-2017 жылдары орталыққа нәрестелер өмірін сақтап қалуға қажетті құрал-жабдықтар жеткізіп берген болатын. Бұл шала туған балалардың аурушаңдығы мен сәбилер өлімін төмендетуге оң әсерін тигізуде. Жыл сайын мұнда 11 мыңға жуық сәби дүниеге келеді, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Айта кету керек, жыл сайын орталықта генез температурасының көтерілуіне және бас миының ісуіне әкелетін ауыр асфиксиясы бар 10-12 шала туған нәресте тіркеледі. Мұндай шақалақтар гипотермиямен емдеуге, яғни, дұрыс және қауіпсіз салқындатуға мұқтаж. Бұған дейін дәрігерлер қолда бар құралдарды пайдалануға мәжбүр болды. Сонан соң қайырымдылық қорына өтінім берді. Қор орталықты «Burabike Fest 2019» қайырымдылық спорттық-музыкалық фестивалінің бенефициарлары қатарына қосып, құрылғыны 15 млн теңгеге сатып алды.

АПЫРАЙ-Ә!

## Құс және ет өнімдерінен ішек таяқшалары табылды

**Қызылордада құс және ет өнімдерінен ішек таяқшалары тобының бактериялары табылды. Олардың қатарында ресейлік «УСА», беларусьтік «Серволюкс Агро», отандық «Алатау құс» компанияларының құс еттері, еліміздегі «Алменов» және «Аманат» ЖК-нің ет өнімдері бар.**

Жыл басынан бері облыста өнімнің қауіпсіздігін мониторингілеу мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық сараптамаға 607 өнім сатып алынған. Ұлттық сараптама орталығы облыстық филиалының зертханасында жүргізілген сараптама нәтижесінде өнімнің 37 үлгісі техникалық регламент талабына сай келмеген. Мониторинг барысында ішек таяқшалары тобындағы бактериялар құс, ет, кондитерлік, нан-тоқаш өнімдерінен анықталған.

– Ішек таяқшалары тобындағы бактериялардың табылуы – тағамнан уланудың негізгі себептерінің бірі. Олар көбіне асқазан-ішек жолдарына түседі. Сөйтіп, асқазан-ішек жолдарының ауруларын, сондай-ақ улану симптоматикасымен жүретін ішек инфекцияларын тудырады, – деп ескертеді мамандар.

Облыстық тауарлар және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің хабарлауынша, бүгінде талапқа сәйкес келмеуіне байланысты кәсіпкерлерге заңбұзушылықты жою туралы ұйғарымдар берілген.

## Жол апатынан үш адам көз жұмды

**«Қызылорда-Жалағаш» тасжолының Сырдария ауданы Қалжан ахун ауылы тұсында жол апаты болды.**

«Ваз-21214» маркалы автокөліктің жүргізушісі қарсы бағытқа шығып кетіп, «Opel Vectra»-мен соқтығысқан. Салдарынан үш адам қаза тауып, тағы бес адам зардап шекті. Зардап шеккен жолаушылар аудандық ауруханаға жеткізілді.

Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 345-бабы 4-бөлігімен (Абайсызда екі адамның немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан жол жүрісі қағидаларын бұзу) сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Қылмыстық іс бойынша барлық қажетті сот сараптамалары тағайындалған.

**«СБ» ақпарат.**

# Облыс әкімі Қ.Д.Ысқақовтың 2020 жылғы 19 ақпанда халық алдындағы есеп беру кездесуі барысында қойылған сауалдардың жауабы

| № | Сауалдардың мазмұны | Орындалу мерзімі, қаржыландыру көзі | Орындалу барысы |
|---|---|---|---|
| 1 | Инватакси қызметі бойынша көліктер санын арттыру | 2020 жыл, облыстық бюджет | Бүгінгі күні облыста инватакси қызметін 18 автокөлік жүзеге асырады *(аудандарда - 10, Байқоңыр қаласында - 1, Қызылорда қаласында - 7).* Осы жылға аталған 18 автокөліктің жүріп-тұруын қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен 30,2 млн. теңге қаржы қаралды. Инватакси қызметінің аясын кеңейту мақсатында Қызылорда қаласына қосымша 6 автокөлік және Байқоңыр қаласына 2 автокөліктің қызметі үшін облыстық бюджетті нақтылау барысында қосымша қаржы бөлу жоспарлануда. |
| 2 | Сексеуіл кентіне мектеп салу | 2020-2021 жылдар, республикалық, облыстық бюджет | Сексеуіл кентінен 300 орындық жаңа мектептің құрылысын салу үшін жоба-сметалық құжат әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Жоба құны – 864,3 млн. теңге. 2020 жылы жергілікті бюджет есебінен мектеп құрылысын бастау жоспарлануда. |
| 3 | «Сырдария топтық су құбыры мен Талап топтық су құбырының құрылысы» және елді мекендерге ауыз су жүргізу | 2020 жыл, республикалық бюджет | Су ресурстары комитетінің тікелей қаржыландыруымен 2014 жылдан бастап Жаңақорған ауданында Талап-Сырдария топтық су құбырының құрылысы жүргізілуде. Жоба бойынша 27 елді мекенді қосу қаралған. 2019 жылы Сырдария топтық су құбыры бойынша елді мекендердегі су жүйелері мен сорғы станцияларының құрылысы толық аяқталды. Талап топтық су құбыры бойынша елді мекендердегі сорғы станцияларының құрылысы, оның ішінде су қоймаларының құрылысы, су мұнарасын орнату жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, қазіргі таңда Талап топтық су құбыры жобасы арқылы Сырдария топтық су құбырына берілетін Бесарық станциясы тұсында Бас су тоғаны құрылысы жүргізілуде. Нысанның құрылысын 2020 жылдың шілде айында аяқтау жоспарланып отыр. |
| 4 | Байқоңыр қаласындағы ауруханаға видеоэндоскопиялық аппарат сатып алу | 2020-2021 жылдар, республикалық бюджет | Байқоңыр көпбейінді ауруханасы Байқоңыр қаласында тұратын қазақстандық азаматтарға 2016 жылдан бастап қызмет көрсетіп келеді. 2019 жылдың шілде айында мекеме өз алдына «Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы» болып бөлініп шықты. Бүгінгі күні аурухана Төретам, Ақай елді мекендерін қосқанда 41 778 *(оның ішінде 12800-балалар)* қазақстандық тұрғынға сапалы медициналық көмек көрсетуде. Аймағымыздың денсаулық сақтау ұйымдарын 3-5 жылда медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз ету мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне **10,8 млрд**. теңгеге қосымша өтінім жолданып, қолдау тапты. Аталған өтінімде Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасына видеоэндоскопиялық аппаратын сатып алу 2020 жылға қаралған. |

2-бет.

№34 (19910) 5 наурыз, бейсенбі 2020 жыл

# Бақылау босаңсымауы керек

Аймақ басшысы сондай-ақ жасөспірімдер тарапынан болатын құқық бұзушылықтың профилактикалық шараларын заңдастырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту жөнінде білім басқармасына, полиция департаментіне, аудан және қала әкімдіктеріне тапсырма берді. Сонымен бірге мектепте, колледжде білім алушылар тарапынан құқық бұзушылық орын алатын болса, оған бірінші басшы жауапты екенін, қатаң ескертті. Сондай-ақ ата-аналардың жауапкершілігі жайлы түсіндірме жұмыстары да күшейтілуі тиіс.

1-бет.

Комиссия отырысындағы келесі мәселе – азаматтардың жеке меншігіндегі мал ұрлығының профилактикасы туралы болды. Облыс басшысы бұл мәселе комиссияның бұрынғы отырыстарында да қаралып жүргенін, Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасы бойынша ерекше назар аударылып келе жатқанын жеткізді. Осы бағытта жоспарланған іс-шараларды жергілікті атқарушы органдар мен құқық қорғау органдарының бірлесіп орындауы нәтижесінде облыста мал ұрлығы азайып келеді. Биылғы қаңтар айындағы көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 35%-ке төмен. Бұл ретте аймақ басшысы Шиелі ауданындағы Н.Бекежанов атындағы ауылдық округ әкімінің 2018 жылдан бері пада жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастыруы нәтижесінде осы елді мекенде бірде-бір мал ұрлығына жол берілмегенін атап өтті. Ауыл әкімі облыс басшысының Алғыс хатымен марапатталып, тәжірибесі барлық деңгейдегі әкімдерге жолданған.

Мал ұрлығына қатысты облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары С.Шалқаров жыл көлемінде 1165 бас мал ұрланып, оның 401-і табылғаны туралы мәліметтер келтірді. Малдың өрістен ұрлануы басымдық алып отыр. Қараусыз қораға да ұры сұқтанғыш. Мал ұрлығының негізгі себептері – бақылаусыз жайылуы, әрі оны иелерінің ұзақ уақыт қараусыз қалдыруы. Сонымен қатар, малы жоғалған кейбір азаматтар полицияға жүгінбей өз бетінше іздейді. Бұл ретте ұрланған мал мен оған қатысты тұлғаларды іздестіруді жеңілдететін маңызды айғақтар мен іздер жоғалып кетеді. 2019 жылы мал ұрлығымен тіркеліп, ұрланып кетті деген мал далалық жерде табылып, иелеріне қайтару жағдайы жиі кездескен.

– Осындай дерек бойынша 131 қылмыстық іс тоқтатылды, бұл ретте ұрланған малды іздеуге жеке құрамның басым күштері мен автомобиль көлігі тартылады. Мал иелерінің жауапсыздығынан мемлекет қаржысы шығындалуда, – деді департамент өкілі.

Комиссия отырысында малды пада бойынша бағу дұрыс ұйымдастырылмаған аудандар мен елді мекендерде ұрлық көрсеткішінің жоғары екені айтылды.

Облыс әкімі бұл мәселе бойынша тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын арттыруды тапсырды. Сонымен бірге облыста мал союға арналған 38 пункт болғанымен, малды үйден сойып, оның етін сатуды кәсіп қылған жеке тұлғалардың көп екені де жасырын еместігі сөз болды.

– Ұрланған малдарды сою деректері орын алуы әбден мүмкін. Себебі, ол – бақылаусыз. Бұнымен қоса, олар өз қызметін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамай, кәсіпкерлік субъекті ретінде тіркелмей атқаруда. Мемлекет басшысының мал ұрлаған адамдардың қылмыстық жауапкершілігін күшейту, сондай-ақ, осындай қылмыстардың алдын алу және профилактикалық жұмыстарды кешенді түрде жүргізу жөніндегі тапсырмасын орындауымыз үшін кешенді жоспар қажет, – деді облыс әкімі. Бұл ретте ауылда мал ұстап, оның өнімдерімен күн көріп, артылғанын сатып, бала-шағасының несібесін айырып отырған жұртшылық үшін малын ұрлатып алу өте ауыр соққы екені қадап айтылды.

Ендігі жерде ішкі істер органдарына мал ұрлығының алдын алуда ұдайы түрде түнгі мезгілде рейдтік жұмыстарын жүргізіп, жиі қылмыс орын алатын аумақтарға полиция бекеттерін орнату жолдарын қарастыру тапсырылды. Сонымен қатар, мүдделі органдармен бірлесіп, ет өнімдерін сату, сатып алумен және өңдеумен айналысатын орындарды заңнамаларға сәйкес ретке келтіру қажеттігі ескертілді.

ӘДЕП КЕҢЕСІ

# Кент әкімі неге ескерту алды?



**Әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Басқосуда күн тәртібіне ұсынылған бірқатар мәселе жан-жақты талқыланды. Кеңес мүшелері алдымен Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевтың мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамалары мен Әдеп кодексін бұзу профилактикасы бағытында атқарылған жұмыстары туралы хабарламасын тыңдады.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

Мәліметтерді тарқатсақ, ауданның жергілікті атқарушы органдарында 196 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Қызметкерлердің артық жұмыс істеу фактілері орын алмаған. Жұмысқа келу-кету уақытын есепке алатын электронды басқару жүйесі СКУД орнатылып, аудан әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердегі 279 жұмыс компьютеріне сағат 19:00-де автоматты түрде сөндірілетін бағдарламалық жүйе – shutdown да енгізілген екен.

Келесі кезекте ҚР АШМ Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының Әдеп жөніндегі уәкілі Жанат Дүзелбаева мен облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары, тәртіптік комиссияның төрағасы Әлия Әбдіқайымова хабарлама жасап, атқарылған істер мен алға межеленген жоспарларды ортаға салды.

Мұнан соң Жалағаш кентінің әкімі Ғалым Телібаевтың тәртіптік ісі қаралды. Белгілі болғандай, кент әкімі мердігерге ақы төлеу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау кезектілігін сақтамай, мерзімінен бұрын ақы төленуіне жол берген. Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа жүгіну жұмыстарын жүргізбеген. Бұл жерде айқындалған заң талаптарының сақталмағаны анық көрініп тұр. Кеңес мүшелері кент әкіміне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабы 1-тармағы 4-тармақшасында көзделген мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылыққа жол бергені үшін «Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жазаны қолдануға шешім шығарды. Бұдан бөлек, жиында мемлекеттік орган басшылары мен Әдеп жөніндегі уәкілдерге Әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалаумен қатар мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталып, мүдделерінің қорғалуына жауаптылықты күшейту тапсырылды.

## ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

Азаматтар мен заңды тұлғалар өкілдерін жеке мәселелерімен қабылдауды жүргізу мақсатында Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасында басқарма басшылығының жеке қабылдау күндері жұмыс жасайды.

Басқарма басшысы мен басшы орынбасарлары төменде көрсетілген жеке қабылдау кестесіне сәйкес азаматтарды жеке мәселелер бойынша қабылдау жүргізеді.

**Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшылығының жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелерімен қабылдау кестесі**

| № | Т.А.Ә. | Атқаратын қызметі | Жеке қабылдау өткізу уақыты | Мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сұлтангереев Ринат Қалдыбекұлы | Басқарма басшысы | Әр аптаның сейсенбі күні сағ. 16.00 - 18.00 | Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көш. құрылыс №1, 5-қабат |
| 2 | Еламан Жолмырза Қайыпұлы | Басшы орынбасары | Әр аптаның бейсенбі күні сағ. 10.00 - 12.00 | |
| 3 | Берденова Жанар Серікқызы | Басшы орынбасары | Әр аптаның жұма күні сағ. 16.00 - 18.00 | |

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдарының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеу және оның алдын алу мақсатында Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасында 8 (7242) 60-54-08 сенім телефоны жұмыс жасайды.

# Облыс әкімі Қ.Д.Ысқақовтың 2020 жылғы 19 ақпанда халық алдындағы есеп беру кездесуі барысында қойылған сауалдардың жауабы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Сырдария өзеніндегі Қарлан көпірінің орнына темір-бетонды жаңа көпір салу | 2020-2022 жылдар, республикалық бюджет | Сырдария өзеніндегі Қарлан көпірінің орнына темір-бетонды жаңа көпір салу үшін жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Көпірдің құрылыс-монтаж жұмыстарын бастауға қажетті қаржы 2021-2022 жылдары республикалық бюджеттен бөлінетін болады. |
| 6 | Облыстағы жедел жәрдем көліктерін жаңарту | 2020 жыл, республикалық бюджет | Бүгінгі күні облыс тұрғындарына 93 дана жедел жәрдем автокөлігі қызмет көрсетуде. 2019 жылы 22 автокөлігі жаңартылып, тозу көрсеткіші 47%-ға төмендеді. Биыл жедел жәрдем қызметіне жаңа медициналық құрал-жабдықтармен толық жабдықталған 40 санитарлық автокөлік сатып алу жоспарлануда. Нәтижесінде жедел жәрдем автокөліктерінің тозу көрсеткіші шамамен 10-15%-ға дейін төмендеп, халыққа сапалы шұғыл медициналық көмектің қолжетімділігі артатын болады. |
| 7 | Күріш тұқымына жеңілдіктер қарастыру үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыныс беру | 2020 жыл, облыстық бюджет | Өткен 2019 жылы күріш тұқымына субсидия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен мақұлданған ең аз көлемде төленген болатын. Осыған байланысты күріш тұқымына субсидияны арттыру мақсатында Қызылорда облысының әкімдігі ҚР АШМ-ге тиісті ұсыныстар *(2019 жылғы наурыз айында)* жолдаған болатын. Нәтижесінде Қызылорда облысының ұсыныстары ескеріліп, қолданыстағы тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау Қағидаларына тиісті өзгерістер енгізілуде. Енді тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау Қағидаларының жаңа жобасына сәйкес күріш тұқымдарын *(оның ішіндегі супер элиталық, элиталық және бірінші репродукциялы тұқымдарды)* нақты сатып алуға кеткен шығындардың 50-70 пайызы жергілікті бюджеттен субсидияланатын болады. Қазіргі таңда жаңа Қағида жобасына тиісті мемлекеттік органдардан келісім алынуда. |
| 8 | Облыстағы мектептерді бейнебақылаумен қамтамасыз ету | 2020-2022 жылдар, облыстық бюджет | Бүгінгі күні облыстағы мектептердің 83%-на бейнебақылау жүйесі орнатылған. 2020 жылы облыстық бюджеттен **250 млн. тг** қаржы бөлініп, жыл аяғына дейін мектептерге бейнебақылау камералары орнатылатын болады. |
| 9 | Белкөл кентіндегі тұрмыстық қалдықтарды сұрыптайтын зауытты іске қосу | 2020 жыл, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде | Қызылорда қаласының Белкөл кентінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікпен салынған тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге арналған сұрыптау кешеннің құрылысы аяқталған. Зауытты наурыз айында іске қосу жоспарлануда.<br>Аумағы 20 га жерде орналасқан жаңа зауытта жылына 60 мың тонна қалдықтар сұрыпталатын болады. Қазіргі таңда нысанды Қызылорда қаласының коммуналдық меншігіне беру жұмыстары жүргізілуде. |
| 10 | Шиелі кентінде аспалы көпір салу | 2020-2021 жылдар, республикалық бюджет | Шиелі кентіндегі теміржол арқылы көпір өткелін салу жұмыстары ағымдағы жылдың 2 жартыжылдығында республикалық бюджет есебінен басталатын болады. |
| 11 | Қызылорда қаласына қарасты Наурыз, Махамбетов елді мекендері мен Сырдария, Жалағаш аудандарына газ жүргізу | 2020-2022 жылдар, республикалық бюджет | Жалағаш және Сырдария аудандарына газ жүргізу бойынша:<br>2019 жылдан бастап 2 аудан орталығын (Жалағаш және Тереңөзек) газдандыру жұмыстары республикалық бюджет есебінен басталды. Аталған жобалар 2020 жылы толығымен аяқталады. Басқа да ауылдық елді мекендер кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.<br>Қызылорда қаласына қарасты Наурыз және Махамбетов елді мекендерін газдандыру бойынша: Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес Наурыз және Махамбетов елді мекендерін газдандыру жұмыстары 2021-2022 жылдарға жоспарланған. Дегенмен, Қызылорда облысы әкімдігі тарапынан Наурыз және Махамбетов елді мекендерін газдандыру жобаларын қаржыландыру мақсатында 2020 жылғы республикалық бюджеттің нақтылануына ұсынылды. Алдағы уақытта қаржы бөлінген жағдайда құрылыс жұмыстары басталатын болады. |
| 12 | Жалағаш кентінде жаңадан спорт кешенін салу | 2020-2021 жылдар, республикалық бюджет | Спорт кешенінің жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге облыстық бюджеттен 10,1 млн теңге қаржы бөлініп мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Нәтижесінде 2019 жылдың 20 желтоқсанында «КрезСервис» ЖШС-мен №189 келісім-шарт жасалды. Қазіргі уақытта жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. 2020 жылдың наурыз айының соңына дейін мемлекеттік сараптаманың қарауына кіргізу жоспарланған. |
| 13 | Студенттердің жатақхана мәселесін шешу *(М.Ықсанов атындағы политехникалық колледж)* | 2020 жыл, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде | Облыста колледждер бойынша жатақханаға деген қажеттілік **1375** орын. Бұл мәселе мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) негізінде шешілуде. 2019 жылдың желтоқсан айында МЖӘ аясында **330** орынды жатақхана Қызылорда медицина жоғары колледжі студенттеріне пайдалануға берілді.<br>2020 жылы МЖӘ негізінде 400 орындық жатақхана құрылысы аяқталып, 2 колледж студенттеріне пайдалануға беріледі. (Қызылорда политехникалық, Қызылорда құрылыс және бизнес колледждеріне). Сонымен бірге, «Ақмешіт» жеке колледжі өз қаражаты есебінен 200 орындық жатақхана құрылысын бастады. |
| 14 | Әуежайдың жаңа терминалын салу | 2020-2021 жылдар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде | «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу жобасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Жекеше әріптесті анықтау мақсатында конкурс өткізіліп, нәтижесімен «Bi Global» ЖШС әлеуетті қатысушы болып айқындалды. Жобаның қатысушысы өз қаражат есебінен жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Қазіргі уақытта жобаны іске асыруды жеделдету мақсатында «Bi Global» ЖШС тарапынан жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс-монтаж жұмыстары ағымдағы жылы басталады деп күтілуде. |
| 15 | Қызылорда қаласындағы Әл-Фараби тұрғын ауданына аяқ су жүргізу | 2020 жыл, қалалық бюджет | «Қызылорда қаласының аяқсу жүйелерін қайта жаңғырту жобасы» бойынша ЖСҚ әзірленіп, құрылыс-монтаж жұмыстарын бюджеттен және бюджеттен тыс көздерден қаржыландыруға тиісті ұсыныстар берілуде.<br>Осы жоба бойынша қаржыландыру мәселесі шешімін тапқан жағдайда «Қызылжарма» каналы арқылы қаланың Шанхай, Әл-Фараби, КБИ тұрғын аудандары аяқсумен қамтылатын болады. |
| 16 | Қызылорда қаласындағы көшелерді асфальттау туралы өтініштер | 2020 жыл, қалалық бюджет | Қалада асфальтталатын бекітілген көшелер тізіміне сәйкес кезегімен жұмыстар атқарылады. |
| 17 | Қызылорда қаласында және аудандарда боздақтарға арналған ескерткіш тақта орнату | 2020 жыл, қалалық, аудандық, бюджет | Қызылорда қаласы мен аудандардағы аллеяларда боздақтардың есімдері жазылған белгі тақталар орнатылған. Алдағы уақытта Ұлы Отан соғысына қатысушы жерлестерімізді іздестіру нәтижесінде табылған боздақтарымыздың есімдері жоғарыда аталған тақтаға қосымша жазылатын болады. |
| 18 | Сол жағалаудан «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне шығатын көпір құрылысын аяқтау | 2020 жыл, облыстық бюджет | 2020 жылдың бірінші жарты жылдығында көпірді халық игілігіне беру жоспарлануда. |
| 19 | Қармақшы ауданындағы құс фабрикасын іске қосу | 2020-2021 жылдар, жеке қаражат есебінен | Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары 80%-ға орындалған. Кестеге сәйкес аталған жұмыстарды жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. |

1-бет.

# Қызметті онлайн алған оңай

**Егер электронды цифрлы қолтаңбаңыз болса, Халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ жұмысыңыз реттеледі. Бүгінде E-gov порталы арқылы мемлекеттік қызметтің 87 процентін алуға болады. Сондай-ақ, жаңарған «egov mobile» мобильді қосымшасы пайдалануға беріліп, мемлекеттік қызметтерді алудың биометриялық әдісі іске қосылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыстық филиал директоры Айдын Қайруллаев баяндады.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

– Өткен жылдың қорытындысымен филиалдың фронт-офистері сапалы қызмет көрсету бойынша рейтингте республика көлемінде 1-орын иеленді. ХҚО мамандары жыл көлемінде 1 млн-нан астам қызмет көрсетті. Жалпы корпорациямыз арқылы мемлекеттік реестр тізіміндегі 694 қызметтің 642-сі көрсетіледі. Қазіргі таңда ХҚО-ға бармай-ақ кез келген жерде отырып, смартфон көмегімен egov.kz, «Telegram-Bot», «egov mobile» секілді мобильді қосымшалар арқылы мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде алуға болады, – деді А.Қайруллаев.

Биометриялық мәлімет – адамның бет-бейнесі, саусақ іздері арқылы қызмет алу мүмкіндігі. Егер ХҚО базасында болсаңыз, жеке куәлікті көрсетпей-ақ саусақ іздерімен қызмет ала аласыз. Электронды E-gov қосымшасы арқылы да осылайша 60-тан астам қызметті алуға мүмкіндік бар. Биометриялық мәлімет бойынша қызмет алатындар саны бүгінгі күні 10 700-ден астам адамды құрайды.

Өткен жылдармен салыстырғанда қызылордалықтар көлік құралдарын онлайн форматта тіркеу, жүргізуші куәліктерін электронды порталда ауыстыру қызметін кеңінен қолдана бастады.

– Қазақстандықтардың VIP нөмірлеріне деген сұранысы азаюда. Былтыр мамандандырылған бөлім арқылы 114776184 теңгеге 508 қызылордалық ерекше тіркеу нөмірін сатып алған. Көлік иелері жаңадан сатып алған темір тұлпарына ерекше нөмірлерді мамандандырылған ХҚО немесе egov.kz арқылы онлайн тіркеу барысында таңдай алады. Сондай-ақ, егер азаматтың бұрыннан VIP нөмірі болса, жаңадан алған көлігіне алты ай ішінде сол нөмірді қайта рәсімдеуге құқығы бар. 2020 жылы АЕК мөлшерінің өсуіне байланысты VIP нөмірлердің бағасы өзгерді, – деді филиал директоры.

Жүргізуші куәлігінің мерзімі өткен жағдайда «egov mobile» қосымшасымен онлайн алмастыруға да болады. Мобильді қосымша арқылы фотосуретке түсіп, қолтаңбаны смартфон арқылы қоясыз. Осылайша әп-сәтте жаңа куәлік дайындалады.

Биыл қолданысқа енген пилоттық жобалардың бірі – зейнеткерлікті проактивті тәсілмен рәсімдеу.

– Жоба әзірге мемлекеттік корпорация қызметкерлері үшін жүзеге асырылуда. Аталған әдіс арқылы облыс бойынша алғаш болып Байқоңыр қаласының тұрғыны бір ғана SMS көмегімен зейнеткерлікті проактивті түрде рәсімдеді. Сонымен қатар, осы жылдан бастап жаңадан 17 проактивті қызмет іске қосылады деп жоспарлануда, – деді ол.

Болашақта осы форматта мүгедектік бойынша әлеуметтік жәрдемақылар, жұмыс істеу қабілетінен және асыраушысынан айырылу жағдайларына байланысты төлемдер тағайындалады. Сондай-ақ, «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгісі бар көпбалалы аналарға ешқандай өтінішсіз жәрдемақылар беріледі.

СЫР-СҰХБАТ

**Сыр өңірі тарихының терең зерттеліп, жинақталу ісінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының сүбелі үлесі бар. Жуырда ғалыммен арнайы жолығып, ел тарихы, сөз өнері мен руханият, қазіргі білім жүйесі туралы сұхбаттастық. Қырық жылдан аса Қорқыт ата атындағы білім ордасында еңбек еткен қайраткермен әңгімеміз де Сыр өңірі тарихынан басталды.**



## Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ:

# «Білімде бірінші орында дәстүр болуы керек»

**– Бағдат аға, алғашқы сауалым өзіңіз жетекшілік ететін «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтына байланысты болмақ. Ғалымдар қазір қай бағытта еңбек етуде, қандай жаңалығы бар?**

– «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты Қорқыт ата атындағы ҚМУ жанынан 2004 жылы құрылды. Содан бері институт 5 бағытта жұмыс істеп келеді. Бірінші бағытымыз – Сыр сүлейлерінің әдеби мұрасы. «Сырдария кітапханасы» атты 200 томдық антология, ауқымды еңбек Сыр өңірі ақын-жазушы, жырауларының әдеби мұрасын қамтып шығарылды. Университеттің әдебиетші, тілші ғалымдарынан құралған жұмысшы тобы 2006-2009 жылдар аралығында 200 томдық еңбекті шығару үшін табанды еңбек жасады. Сондай-ақ, менің жетекшілігіммен университет ғалымдары бірлесіп жасаған ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің 2011-2013 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсында «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларының әдеби, мәдени, тілдік, тарихи және танымдық сипаты» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы конкурс жеңімпазы болып табылды. Сол жұмыстардың жалғасындай бүгінде ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсында жеңімпаз болған «Сыр сүлейлері шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық және ұлттық сипаттарының «Мәңгілік Ел» рухында жырлануы» тақырыбындағы ғылыми жоба бойынша жұмыс жүргізілуде.

Екінші бағыт, Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана бағыты. Біз осы аймақтағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ишан-ахундардың діни-ағартушылық қызметін зерттеп келеміз. Діни ағартушылардың қазақ қоғамының ілгерілеуіне қосқан үлесі қандай, нендей мәселелер бар? 1920-1930 жылдардың соңына дейін жалғасқан Кеңес үкіметінің большевиктік жүйесіне қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің басына діни ағартушылардың келуі тегін емес. Осы жерде жалпы қазақ қоғамының дамуындағы ішкі астар, мазмұн-мағыналар жатыр. Соны ашу үшін де діни ағартушылардың қызметін зерттедік.

Үшінші бағытымыз – өлке тарихы. «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен 2006 жылдан бері қарай облыс бойынша 4 аудан, қала және Нағи Ілиясов ауылының тарихын үлкен кітаптар етіп шығардық. Бұл кітаптар қазір бүкіл Қазақстанға тарады. Әр аудан тарихын ежелгі дәуірден қалған жәдігерлер бойынша, ғылымның соңғы жаңалықтарына негіздеп, зерттедік. Айталық, Қазалы ауданының халқы ортағасырда қандай жағдайда, тарихи оқиғаларға нендей көзқараста болды, олардан қалған қандай жәдігерлер бар? Мысалы, Сыр өңірі Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарының бодауында болғаны белгілі. Солардан қалған қандай ескерткіш, аңыз-әңгімелер бар? Мұнан кейінгі Кеңестік дәуірдің де артықшылық-кемшіліктері бар. Негізінен Кеңес заманына келгенде көп оқиғаға сын көзбен қарап жаздық. Жалпы, «Менің Отаным – Қазақстан» сериясының тұжырымдамасын жасағандар – этнограф-жазушы, әдебиетші ғалым Ақселеу Сейдімбек пен тарихшы ғалым, жазушы Қойшығара Салғарин. Осы тұжырымдамаға сүйендік. Кеңестік дәуірді толығымен қаралай беруге болмайды. Оның да артықшылықтары болды, кемшілігі де жетерлік еді. Біз осыларды ашып жаздық.

Жалпы, отандық тарихты жазу үшін алдымен өлке тарихын жасауымыз керек. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мақалаларында да өлketану мәселелеріне ерекше басымдық берді. Ал, біз 2006 жылы өлке тарихын бастап кеткенбіз.

Төртінші, Ежелгі түркі өркениеті және Қорқыт ата мұрасы бағыты. Универсиетіміз Қорқыт ата атында болғаннан кейін біз Қорқыт мұрасын зерттеуге міндеттіміз. Қорқыт жырларының әлемдік деңгейде зерттеле бастағанына 200 жылдан асты. Сондықтан бұл жөнінде жаңалық ашу оңай дүние емес. Өткен жылы университет ғалымдары менің басшылығыммен облыстық бюджет қаржыландыратын «Қорқыт Ата – әлемдік тұлға. Аңыз және ақиқат» деген ғылыми жоба жасап, Түркия, Әзербайжанға іссапармен барып қайтты. Олардағы Қорқыт туралы ескі аңыздарды жинап, «Қорқыт ата туралы аңыздар мен әңгімелер» деген кітап шығардық. Бұл – Қорқыт мәселелері туралы жаңалығымыз. Қазақ тілінде алғаш рет шыққан туындыда түрік, түрікпен, әзербайжан, қазақтардың түрлі әңгіме-аңыздары бар. Салыстырып оқысаң, көп дүниеге көз жеткізуге болады. Алдағы уақытта монография жазу жоспарымызда бар.

Қорқыт туралы айта кетейік, қазір бірнеше пікір айтылып жүр. Қорқытты мұсылман дінінің идеологы қылып көрсеткісі келетін ғалымдар бар. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Шын мәнінде Қорқыт – тәңірлік діннің идеологы. Қорқыт бақсы ғой. Бақсылардың бақсысы. Бір діннің бас идеологы бола тұрып, екінші бір дінді қолдауы мүмкін емес жағдай. Тәңірлік діннің идеологиясы – табиғат құбылыстарын мойындау, күнге, суға, отқа табыну. Ал, мұсылман дінінің идеологиясы бойынша бір Аллаға ғана сыйыну керек. Осы тұрғыда Шоқан Уәлихановтың пікірі бар. Ол «Тәңірлік дін мұсылман дінімен салыстырғанда материализмге тым жақын» дейді.

Бесінші, қазақ жәдитшілдігі және Алаш қозғалысы бағыты. Бұл жөнінде де біраз еңбектер жазудамыз. Жәдитшілдік – мұсылман дініне жасалған реформа. Жәдитизмнен кейін мұсылман діні бір саты жоғарылады, әлемдік өркениетке ұмтылды. Осы жәдитшілдікті жан-жақты түсіндіруіміз керек. Алаштықтардың бәрі Жәдит қозғалысынан өсіп шыққан. Мұстафа Шоқайдың айтуынша, оның қайраткер болуының негізі де осы жәдитшілдікте жатыр. Қазір жастар мұны біле бермейді. Институттың қазір ұстанған ғылыми бағыттары осы және белгілі дәрежеде мұның әрқайсысы бойынша өзіміз межелеген нәтижеге жеттік.

**– Алашорда деп қалдық, 2018 жылы Алашорданың 100 жылдығы өтті. Биыл Алтын орданың 750 жылдық мерейтойын атап өтпекпіз. Осы мерейтойлар көпшілікке не береді, жеткілікті деңгейде атап өтіліп жүр ме?**

– Оларды өз дәрежесінде өткізу үшін мемлекеттік бағдарламалар жасалу керек. Бағдарлама әлі қолымызға тиген жоқ. Мемлекеттік бағдарламаны кабинетте отырған шенеуніктер емес, сол саладағы ғалымдар дайындағаны дұрыс. Сосын ол халыққа насихатталып, жалпылық сипат алып, оған бүкіл ел араласу керек.

**– Қазақ өлеңдерін ғылыми тұрғыда зерттеп, ауқымды еңбек жаздыңыз, кандидаттық, докторлық диссертацияңыз осы тақырыпқа арналды. Абай айтқандай, өзіңіздің де өлеңге таласыңыз бар ма еді?**

– Аспирантураға түскен кезде тақырып бекітіледі. Сонда ғылыми жетекшім, академик Зейнолла Қабдолов маған қарап «Бағдат, сен өлеңді зерттеуің керек» деді. Шынымды айтсам, бұл тапсырмаға іштей таңырқап қалғаным рас. Бұрын-соңды өлеңді зерттеу ісімен айналысып көрмегенмін. Ұстазым таңырқағанымды байқап, «Жоқ, сен өлеңді зерттеуге лайықсың» деді. Осылай Зекеңнің кеңесімен «Қазақ лирикалық поэзиясының жанрлық сипаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым. Ал, тоғыз жылдан кейін докторлық диссертациям да қазақ өлеңінің жайына арналды. Өйткені, Кеңес заманында өлеңнің ұлттық сипатын зерттеу тұрмақ, ол туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Зекең «Бұрын айта алмаған дүниені енді «Қазақ өлеңдерінің ұлттық сипаты» деген тақырыпта айтасың» деп бекіткен еді. Зекең – аса сұңғыла адам, сол жолы қателеспеді деп ойлаймын. Ақынмын деп айтпасам да, өлеңге бейімділігімнің бары рас еді. 4-сыныптан бастап шимайлап, өлең жазғам. 8-сыныпта болуы керек, достық туралы өлең жазып, оны айнаға қарап оқып, әлгі туындыма өзімше қатты риза болғаным есімде. Дүниеге жаңалық әкелгендей күй кешіп, ішіме сыймай, ертесіне сыныптастарымның алдында шабыттанып оқып бердім. Олар да дән риза. Соның әсерімен жүріп бір күні Абайдың «Сегіз аяғын» оқымасым бар ма?! Сөйтсем, мен өлеңді тура «Сегіз аяққа» ұқсатып жазыппын ғой. Өлеңнің алғашқы шумағы «Тәтті күндер, Шатты үндер, Бір қызығы өмірдің» деп басталатын. Әрі қарай «Сегіз аяқтың» формасымен кете береді. Содан Абай өлеңін қайталаған секілді сезініп, өзіме қарным ашып қалды. Мұнан кейін өлең жазғам жоқ, бірақ өлең туралы не жазылса, соны оқитын әдет қалыптаса бастады. Сыныптастарым да өлеңдерін алдымен маған оқытатын. Мені Дүйсенбек Аяшұлы «Өлең жазбайтын ақын» дейді. Жалпы, әдемілікті, сұлулықты сезіну, сол туралы басқаларға айту – менде жас кезімнен бар қасиет. Поэзия деген – сұлулықты сезіну, соны жырға қосу. Әдебиет деген де сол. Зекең де мендегі сол қасиетті сезді-ау деймін.

**– Қазіргі ақын, жазушы, драматургтерден бұрынғы қарқын байқалмайды, сол бір көш үзіліңкіреген секілді көрінеді. Бүгінгі ақындардан, әсіресе жастардан кімдерді оқып тұрасыз?**

– Маралтайды оқимын. Ол жас ақындар қатарына жатпас, бірақ мен үшін жас. Бауыржан Жақып, Ақберен Елгезек, Дүйсенбекті (Аяшұлы) оқимын. Елубайды (Әуезов) оқимын. Үзілген сияқты дедің ғой, шынында сондай үрдіс байқалады. Өз пікірім бойынша бұл тәуелсіздікке байланысты. Тәуелсіздік деген бақ басымызға орнады ғой. Бірақ соны қабылдауға келгенде психологиялық, философиялық тұрғыдан әлі дайын емес екенімізді байқадық. Адамның, ақынның осы күйі міндетті түрде әдебиетке, өнерге көшіріледі. Менің жеке пікірім, ақындарымыз тәуелсіздік деген не нәрсе, ұлт үшін, ел үшін қандай құбылыс, соны әлі терең сезіне алмай жүрген сияқты. Ал біз оған дейін 70 жыл коммунистік партия туралы өлең жазып, соған қалыптасып қалдық. Бізді ұлттық емес, бодандық сана билеген. Сол ойымыздан оңай шықпайды. Миға сіңіп қалған. Тәуелсіздікті қалай жырлаймыз, оны жан дүниемізге қалай сіңіреміз дегенде осындай кешеуілдеу бар екені рас. Ол – табиғи жағдай. Тәуелсіздікті жай адамша емес, суреткерлік тұрғыдан қабылдау оңай нәрсе емес. Суреткердің пайымында, парасатында ол әбден қайнап, пісіп барып, жарыққа шығу керек. Сол жағында объективті жағдайлар бар. Соны әлі терең сезіну мәселесі ақын-жазушыларда кешеуілдеп жатса, біз оған түсіністікпен қарауымыз керек деп ойлаймын.

**– Ақындар айтып жүрген «Әдебиет академиясы» құрылса, бұл олқылықтың орны тола ма?**

– Жүз академия құрғанмен, одан ештеңе өзгермейді. Ақынды ешкім оқытып, ақын қылмайды ғой. Бірақ оған жағдай жасау деген басқа мәселе. Мектеп қабырғасынан танылған, болашағынан үміт күттіретін жастарды жинап, оларды қызықтыру мемлекеттік деңгейде жүргізіліп, ақындарға жағдай жасалса, нұр үстіне нұр. Академия құрып, оқытып, ақын-жазушыны ешкім шығара алмайды. Бұрын ең бай тұратындардың қатарында қазақтың ақын-жазушылары болды. Жазушылар одағында литфонд деген бар еді. Тіпті оларға пәтер берсе, шығармашылық жұмысы үшін бір бөлме артық беретін. Қазір Жазушылар одағы мемлекет тарапынан қаржыландырылып отырған жоқ, суреткерлерге қаламақы төленбейді. Бұл жеке суреткерге әсер ете ме? Әсер етеді. Талпынуға әсер ете ме? Әсер етеді. Стимул жоқ. Сол жағынан мемлекеттік қамқорлық мәселесі жолға қойылу керек және оны тездету керек.

Қазір ғалымдардың да күні күн емес. Бізде ғылым докторы, профессор айына 110 мың теңге алады. Ал мұнай кеніштерінде жұмыс істейтін вахтер, қарауыл 300 мың теңге алады. Әлеуметтік теңсіздік пе? Теңсіздік. Ғылым дамуы керек. Ғылымсыз білім жоқ. Енді білімді адам ғана алға шығады. Қазір мемлекеттің ғылымға бөліп отырған қаражаты өте аз. Бізден Балтық жағалауы елдері озып кетті. Ал ғылымды дамыту үшін ғалымдарды ұстау керек, оларға жағдай жасау керек.

**– Кезінде Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да проректор қызметін атқардыңыз. Қазір білім саласындағы реформаның табысты жүруі үшін қай мәселені елеп-ескергеніміз жөн?**

– Қадыр-Мырза Әлидің сөзі ойға оралып отыр. Әдебиетте дәстүр және жаңашылдық деген ұғым бар. Қадыр ақын «Дәстүр деген қара тас сияқты. Ал жаңашылдық – жауынның тамшысындай ғана дүние. Жауын тамшысының қара тасты жарып шығуы үшін бүкіл ғұмыры жетпей қалуы мүмкін» дейді. Сондықтан әдебиет үшін дәстүрді бірінші орынға қояды. Бұл – даналықпен айтылған пікір. Білім де сол секілді. Білім саласына реформаның көп керегі жоқ. Білімде бірінші орында дәстүр болуы керек. Ал Кеңес үкіметі кезіндегі дүние жүзі мойындаған білім жүйесін кім жаман деп айта алады? Қазіргі оқу жүйесі еуропалық, болондық процеске негізделіп дүниеге келді. Біз оған дайын емес едік. Сондықтан қазіргі оқу процесін жөндеу үшін ең бірінші кезекте оқу процесі жүйесінің дәстүрлі түрлеріне назар аударуымыз керек. Соларды басшылыққа алуымыз керек. Мысалы, біздің мамандығымыз – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы мұғалімін даярлау. Сол мамандыққа арналған оқу жоспарының ішінде негізгі екі пән бар еді. Бірі – қазіргі қазақ әдебиеті, екіншісі – қазіргі қазақ тілі. Осы екі пәнді меңгермей шыққан студент ол шын мағынасында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып шыға алмайды. Осы екі пәннің әрқайсысы мамандық бойынша 4 семестр оқытылатын. Қазір екі пәнді 1 семестр ғана оқытады. Яғни, мамандыққа қатысты пәндердің сағаты қысқарып кетті. 4 семестр – екі жыл. Бір семестр деген 6 ай. Екі жыл оқытылатын пәнді 6 айда оқыту – болашақ маман үшін жасалған қиянат. Одан студент ештеңе қабылдамайды, ештеңе меңгермейді. Қазақ тілінің, әдебиетінің қазіргі жағдайын білмейді, ғылыми тұрғыдан қабылдай алмайды. Сөйтіп, дүбәра болып шығады.

**– Оның орнына не оқытылып жатыр?**

– Оның орнына таңдау пәндері оқытылып жатыр. Оның пайдасы аз. Бұрын мамандық бойынша практикалар болатын. Басқаларды айтпағанда, біздің мамандық бойынша фольклорлық, диалектологиялық, оқу практикалары қазір жоқ. Диалектологиялық практика деген филолог маман үшін аса қажет. Облыстың әр ауданының өз диалектісі, говорлары бар. Соларды зерттеу керек. Фольклорлық практика – ауылда тұратын адамдардың ауызша айтып жүрген әңгімелері мен аңыздары. Соны филолог студент білмесе, қалай болады? Солардың бәрін қазір қысқартып жіберді. Содан кейін мамандықта қандай сапа болады?

**– Кредиттік жүйе білім саласына біз күткен өзгерісті қаншалықты енгізе алды? Сондай-ақ, қазір студенттерге лекцияның электронды түрде берілуі, емтиханның электронды жүйе бойынша тапсырылуы білім сапасына кері әсерін тигізбей ме?**

– Бұл – қазіргі заманға сәйкес қалыптасып келе жатқан жағдай. Бірақ мұғалім студентпен әңгімелесіп, теориялық білім деңгейін көзбен көріп, құлақпен естімесе, ол қалай болмақ? Бұл – мұғалім мен студенттің арасын алшақтату. Мұғалім бақылаушы ретінде білім бергеннен кейін, бағалаушы ретінде соны көзбе-көз отырып сөйлесу керек. Бұл жемқорлық фактілерін азайту үшін де жасалды. Бірақ, кездесіп, әңгімелесіп емтихан алғаннан мұғалімнің бәрі жемқор болып кетпейді ғой. Бұл – сылтау. Мүмкін, әлі ертерек болар. Бізге қазіргі жағдайда білім берудің дәстүрлі жүйесінен қол үзбеу керек. Көпсатылы білім беру жүйесінің енгізілгеніне біраз уақыт өтті. Мысалы, университетте 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау (6D011700- қазақ тілі мен әдебиеті) бағытында философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасымен. Ашығын айтайын, қорғалып жатқан диссертациялар біздің кезіміздегі кандидаттық диссертацияның дәрежесінде емес.

**– Оларды өткізбеуге не кедергі?**

– Қалай өткізбейсің? Олардың жасаған еңбегі қазіргі PhD доктор дәрежесіне, талаптарына сәйкес келіп тұр. Мәселе сол талаптың өзінде болып тұр емес пе? Талаптың деңгейі бұрынғы кездегі кандидаттық диссертацияға қойылатын талап деңгейінен әлдеқайда төмен. Оған қорғаушы кінәлі емес.

**– Математик Асқар Жұмаділдаевтың «Қазіргі дамыған заманда қазаққа технократ керек» деген пікіріне көпшіліктің ойы екіге жарылды. Сіз қалай ойлайсыз?**

– Мен оған қосылмаймын. Себебі, біздің халықтың тарихи, табиғи жаратылысы гуманитарийға жақын, ақынжанды халықпыз. Біздің тарихи тағдырымыз осылай. Сондықтан бізге технократ та, гуманитарлар да керек. Қазір бізге технократтардан гөрі гуманитарлар көбірек керек пе деп қалам, өйткені қоғамдық формациялар алмасып жатқан тұста біз сол қоғамның рухани жақтарына ерекше мән беруіміз керек. Өткенде бір тілші қазір қазақ билігіне гуманитарлар көптеп келе бастады деді. Келгені қазақ үшін өте жақсы. Олар келсе, жаман болмаймыз.

**– Латын әліпбиіне көшудің тиімділігі турасында қандай ой айтасыз?**

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, латын әліпбиіне көшу процесінде асығыстық болмау керек. Түптің түбінде өткеніміз дұрыс шығар. Бұл мәселені жалпы халыққа салудың қажеті жоқ. Мұны А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары жасап шықсын. Бірақ асықпау керек.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан
**Айдана ЖҰМАДИНОВА,**
**«Сыр бойы».**

ЖОБА

**«Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы №121 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 368-бабына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылысы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабының 23-15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 318 «Ағаштарды кесуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы және «Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде номері 19548 болып тіркелген) Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы №121 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5871 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 14 маусымында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғау қағидаларында:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«1-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар – халық үшін қолжетімді немесе ашық болатын аумақтар, объектілер;»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – өз бетімен жүріп-тұру, көрсетілетін қызметтер, ақпарат алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қиындық көріп жүрген, оның ішінде балаларға арналған арбаларды пайдаланатын адамдар, қарттар, мүгедектер;»;

5-1-тармақ алып тасталсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Үй иелерінің аумағында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 183 бұйрығымен бекітілген «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10796 болып тіркелген) 22-тармағының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 187 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17242 болып тіркелген) 55, 56, 57 және 58-тармақтарының талаптарына сәйкес мамандандырылған көлік үшін ыңғайлы кірме жолдармен контейнерлерді орналастыруға арналған арнайы алаңдар болады.»;

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Қалалар мен елді мекендердің аумағын абаттандыру кезінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын қоса алғанда, халықтың барлық санаттары үшін жалпыға ортақ пайдаланылатын, тұрғын және рекреациялық мақсаттағы орындарға, сондай-ақ Заңның 20-бабының 23-16) тармақшасына сай бекітілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес көлік инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізуін оңтайлы жағдайлармен және құралдармен қамтамасыз етіледі.

32. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген қалалар мен елді мекендердің аумақтарындағы абаттандыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.».

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы**
**Қ.Бисенов.**

## Хабарландыру

Сырдария ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны:

Конкурс 2020 жылдың 1 сәуір күні сағат 11:00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Тереңөзек кенті, Д. Қонаев көшесі №9 Б, «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефондары: 8(72436) 21-1-37, 21-1-30.

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі

| № | Су айдындарының атауы орналасқан жері | Ауданы (га) | Бекітіп беру мерзімі | Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты | Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Құндызды** С.Сейфуллин а/о | 35 | 10 | Тауарлы балық шаруашылығы | 6125 |
| 2 | **Байсары** С.Сейфуллин а/о | 105 | 10 | Кәсіптік балық шаруашылығы | 18375 |
| 3 | **Иіркөл (Құмкөл-3)** Шаған а/о | 30 | 10 | Тауарлы балық шаруашылығы | 5250 |

Конкурстық құжаттар топтамасын Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9 Б «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында **(www.//tabigat.e-kyzylorda.gov.kz)** жарияланады.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі – 2020 жыл 30 наурыз күні сағат 19.00-ге дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (бар болғанда).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттар қатысушының толық атауы мен мекен-жайы, конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы және «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

**Конкурстық комиссия.**

БІР ЖӘДІГЕР ТАРИХЫ

**Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінде көненің көзіндей кебеже сақтаулы тұр. Ол шамамен 1896 жылдары жасалған. Кебеженің өзгелерден артықшылығы оны жасау кезінде бірде-бір шеге қолданылмаған.**

Дәулет ҚЫРДАН.

# Көне кебеже



– Қазақ даласындағы кәмпескелеу заманында Әсем әлгі кебеженің ішіне азық-түлік толтырып, төркініне жіберген. Ағасының қызы Мұнай көзі кеткенше «Әсемнің дүниесі» деп сақтап келген екен. Бұл кебеже бертінге дейін Мұнайдың баласы Темірхан Өмірде болған, – дейді музей қызметкері Гүлнар Нұртазаева.

Мұражай қызметкерінің айтуынша, бұл азық-түлік сақтауға арналған. Жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп жүргендіктен ұсақ-түйек заттардың шашылмай түгел жетуі үшін осындай мүліктер пайдаланылған. Ертеректе Шағала есімді ауқатты кісі қызы Әсемді ұзатқанда қыз жасауы ретінде арнайы тапсырыспен жасатыпты. Әйткенмен, жылжыған жылдармен бірге ұстаның да есімі бізге жетпеген.

Қазақы оюөрнектермен безендірілген кебеже әлі күнге көнермеген. Қолданысқа жарайды. Музейде мұнан өзге де тарихи құнды жәдігерлер жетерлік.

Қармақшы ауданы.
Суретті түсірген
**Ерсін ӘБЛӘКИЕВ.**

# Күміс қасық

**Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінде зерттеуші-теңізші А.Бутаковтың 1850 жылғы алғашқы картасы және күміс қасығы сақтаулы.**

Күмістен жасалған шай қасық тұтқасының көлемі 3х1,7 см, биіктігі 14 см, ені 2х3 см. Ресей зауытында жасалған. Гүл өрнегі бар. Қасықта 1847 ж. деген белгі салынған. Көне жәдігерді Арал теңізі Райым бекінісінде жұмыс жасаған экспедиция мүшелері пайдаланған болар деп ойлаймыз.

1848-1849 жылдары әскери теңізші әрі зерттеуші А.Бутаков экспедициясы Арал теңізінің су айдынын алғаш рет толық зерттеуге келді. Ол – адмиралдар династиясынан шыққан ержүрек теңіз офицері, 1828-1829 жылдары орыс-түрік соғысына қатысып, конт-адмирал, ал, 1848 жылы вице-адмирал шенін алған.

А.Бутаков бастаған экспедиция 1848 жылы 26 шілдеде Сырды бойлап, адамзат тарихында тұңғыш рет ұлы теңіз қақпасын ашты. Сонау Санкт-Петербургтен Азия түкпіріндегі сол жылы тұңғыш рет іргетасы қаланған Орынбор бекінісіне Арал теңізін зерттеушілер тобымен ай жарым уақытта жетті. Экспедицияның азық-түлік, қару-жарақ, жабдық артқан көлігінен жер қайысты. Атты көлікке 30000 түйеден тұратын керуен келіп қосылды. Бұған 565 қазақ көш бастаушы болды. Экспедиция құрамында штурман К.Поспелов, штабс-капитан А.Макшеев және айдауда жүрген атақты ақын, суретші Т.Шевченко болды.



1848-1849 жыл аралығында А.Бутаков Арал теңізінде жүзген сәттерін, оның тереңдігін, ағысының жылдамдығын, желдің бағытын қолжазбасына түсіріп, Ресей жағрафиялық қоғамы арқылы патшаға ұсынып отырған.

Арал теңізінің географиялық жағдайын зерттей келе, оның 6-7 бал теңіз дауылдарына қарамай, «Константин», «Николай» атты шағын шхуналармен ұлы теңізді зерттеп, картаға түсірді. Осы күнгі «Барсакелмес» аралының оңтүстігіндегі аралшық «Бутаков мүйісі» аталады.

Экспедиция аяқталғаннан кейін А.Бутаков пен К.Поспелов гидрографиялық карта құрастырды, ол 1850 жылы басылып шықты.

Ол Арал теңізі түбінің сипатын, тұрақты ағыстардың бағыттары мен жылдамдықтарын зерттеуге он бес жылын жұмсады.

**Гүлнар КАРИМОЛДАҚЫЗЫ,
Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері.**

# Артында айшықты із қалдырған



Адал ісіне ақы сұрамас еңбекқор жандардың болмыс-бітімі бүгінгі ұрпақтың бағыт алар бағдарына айналары белгілі. Себебі туған жеріне, өскен өңіріне пайда әкелу, қолдау білдіру мақсатында отанына қызмет еткен жандар қашан да мақтан төрінде, марапат биігінде. Заман көшінде ілгері басып, күрмеуі қиын мәселелерді шешуде айшықты із қалдырған азаматтар Сыр өңірінде жетерлік. Шайзада Қаратаев – саналы ғұмырында қажырлы еңбек етіп, көптің көңілінен шыға білген осындай өнегелі өмір иесі.

Ол 1936 жылы Қызылорда қаласы Жаңадария көпірі маңындағы Әлтай бауында дүниеге келген. Жарық жалғанға іңгәлап енгеннен, шырғалаң тірлік, зұлмат аштық пен қасіретке толы соғыстың дүрмегінен көз ашпай, ерте есеюге тура келді. Олай дейтініміз, бүтін буынның қасіретіне айналған зұлмат жылдар Шайзада Қаратаевтың өмір жолына салқынын тигізген еді. Бал балалық пен қамсыз тіршіліктен бұрын жеткен заман қасіреті еңбектің бейнетін ерте сезінуге мәжбүрледі. Алайда, қиындыққа мойымай, өмір күресінде есе жібермеуге талпынды. Жарымтоқ тіршілік пен соғыс зардабына өн бойындағы парасаттылық пен батыл болмысты қарсы қойып, диірмен тасындай дөңгеленген дүниеде төккен тер, еселі еңбегімен есте қалды.

Қайсар жанның өмір жолы қызыққа толы. 1955 жылы Қызылорда қаласындағы 1 Мамыр мектебін тәмамдап, Ресейдің Курск қаласында әскери міндетін абыроймен атқарды. 1963 жылы сондағы Ауыл шаруашылығы институтын сәтті аяқтап, Сырдария ауданының Октябрь ұжымдық шаруашылығына агроном болып жұмысқа орналасты.

Көп уақыт өтпей Қызылорда қаласындағы «Казсельхозтехника» бірлестігінде аға агроном-химизатор, облыстық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінде нұсқаушы қызметтерін атқарды. Тиянақты тірлігінің көпке жаққаны болар, қайсар Қаратаевқа ел алғысы ерек болды.

Тереңөзек кеңшарында бас агроном, №3 бөлімшеде меңгеруші болды. Ол уақытта агросалаға қарымды қадамдар жасау табандылық пен терең тәжірибені қажет етті. Білгір маман, білікті басшының төккен тері мен еңбекқорлығы ұжым тірлігін алға сүйреді. Бөлім көрсеткіші екі жыл аралығында экономикалық және шаруашылық жетістіктер бойынша алдыңғы орынға көтерілді.

Өнегелі тұлғаның тынымсыз тірлігі пен табысты ізденісі ескерусіз қалған жоқ. ҚазССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының грамотасымен, В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған мерекелік медальмен, «Ерекше еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Шаған ауылдық, Тереңөзек аудандық Кеңесі депутаттығына сайланды. Партия, әкімшілік органдары мен шаруашылық саласында алғырлығы, ұйымдастырушылық қабілеті Шайзада Қаратаевтың бәсін арттырды. Қызметтік міндетіне барынша ыждағаттылық танытып, әр істің өлшеулі мәнін дөп басуда тәжірибесі пайдаға жарады.

1983 жылы Киров кеңшарын басқарған кезеңде де ел жайын естен шығарған емес. Халықтың мұңмұқтажы мен көңіл ауанын аңдай біліп, шама-шарқынша елге пана болып, жетім-жесірге қамқор көңілін аяған жоқ. Сөйтіп, халықтың ақ батасы мен алғаусыз алғысын арқалады. 1989 жылы Амангелді ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланып, 1994 жылы дербес зейнеткерлікке шықты.

Асыл жары Қайыркүл Нұрышқызы екеуі алты бала тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, берекелі отбасының тірегі бола білді. Бүгінде ұл-қызы абыройлы қызметтің тізгінін ұстап, өз алдына үй болып отыр. Үлкен екі қызы денсаулық сақтау бағытында, кіші қызы қазынашылық басқармасында басшылық қызметте болса, екі ұлы кәсіпкерлік саласында табысты еңбек етуде. Кенжесі – ғылым докторы, профессор. Берекелі әулетте 15 немере, 2 шөбере асылдың сынығындай ер жетіп келеді. Ортасына қадірлі жан 2015 жылы мәңгілік мекеніне аттанды. Осындай өнегелі тұлғаны ұлықтау, еңбек жолын өскелең ұрпаққа үлгі ету – ұрпақ міндеті.

**Нұрлыбай ҰЛЫҚПАНҰЛЫ,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

# Білім шамшырағы

**«Алты Алаштың баласы бас қосқан жерде, төрдегі орын – мұғалімдікі» деген ғибратты нақылдың өзге емес, ұстаздар қауымына бағытталуы тегін емес. Шәкірттерін адалдық пен әдептілікке, имандылық пен ізгілікке, өзге де игі қасиеттерге үндеген ұстаздар қауымының өзіне бағыт-бағдар беріп, №92 қазіргі Қ.Күлетов атындағы мектепті табан аудармай ширек ғасырға жуық басқарған Ахиқат Нияздың саладағы еңбегі ерен. Ол ұжымының аудан, облысқа танымалдығын арттырып, іргелі білім ошағына айналуына өлшеусіз тер төкті. Мұндай адамды «білім саласының адастырмас шамшырағы» дегеніміз орынды шығар.**

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Бүгінгі әңгімемізге арқау қылған облысқа айрықша еңбек сіңірген зейнеткер, көптеген мерекелік медальдардың, республикалық, облыстық, аудандық салалық марапат-мадақтаулардың иегері, бірнеше мәрте ауылдық, поселкелік, аудандық кеңестің депутаты, өзге де алқалы жиындардың делегаты атанған байырғы ұстаз, өсіп-өнген әулеттің отанасы, немерелерінің сүйікті әжесі Ахиқат Нияз осындай жан.



«Адамның тағдырына есімінің де әсері мол» дегенді естіген шығарсыз?! Біздің кейіпкеріміздің өмір жолына да азан шақырылып қойылған Ахиқат аты аз үлес қоспаған сыңайлы. Есімінің өзінен адалдық аңғарылып тұрған ардагер ұстаздың балауса кезеңінен бастау алып, ел анасы шағына дейін ұласқан еңбек өтілінде арына дақ түсірмеуі соның айғағы.

– Ахиқат Ниязқызы бізге орыс тілі пәнінен сабақ берді. Әрі мектеп директоры болатын. Ұстазымыз тәртіптің, әділдіктің үлгісіндей еді. Дауыс көтергенін естімесек те, қатты сескенетінбіз. Апайдың езуіне күлкі ұялап тұрғанның өзінде жүзіне тура қарауға батылымыз жетпейтін. Жаңа сабақты түсіндіргенде тура миыңа құйып жібереді. Апай мектепке кіргеннен тым-тырыс, шыбынның ызыңы естілердей тыныштық орнайды. Жайшылықта алысып-жұлысып жүретін балалар моп-момақан кейіпке енеді. Ахиқат апай ешкімді жазықсыз жазғырмайтын. Өз басым «тура биде туған жоқ..» деген нақыл осы кісіге арналғандай сезінем. Кінәлісің бе, туған ұлы болсаң да жауап бересің. Апайдың алдында басың салбырап, сәл уақыт тұрсаң, көп уақытқа дейін тыныш жүруге тырысасың, – дейді ұстаздың көптеген шәкіртінің бірі Бақытбек Қазыбаев.

Ахиқат Нияз Ұлы Отан соғысы тұтанған жылы дүниеге келді. Бұл тұстағы елдегі ауыртпалық баршаға аян. Қаршадайынан білімге құштар ол қалай да жоғары білім алуды алдына мақсат қылды, әрі солай болды. Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы (қазіргі Қорқыт ата атындағы ҚМУ) педагогикалық институтын үздік бағамен бітірген Ахиқат Ниязқызы еңбек жолын №24 Ү.Түктібаев атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде бастады. Осында өткен жылдарда білікті де жігерлі жас маман оқушыларға сапалы білім беруде, қоғамдық жұмыстарға қатысуда ерекше көзге түсті. Жалын жігерлі жастың келешегінен үміттенген басшылық әйелдер кеңесінің төрайымы, кеңшардың үгітші-насихатшы қызметін сеніп тапсырды. Ұйымдастырушылық шеберлігі жоғары бағаланып, аудандық комсомол комитетінің мақтау грамоталарымен марапатталды.

Еңбек еш кеткен жоқ. Жергілікті басылымда Ахиқат Нияз туралы көлемді мақалалар жарық көрді. Поселкелік, аудандық кеңестің депутаттығына сайланып, комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Мұнан соң ол аудандық партия комитеті жанындағы кешкі партия мектебін, Фрунзе қаласындағы Бүкілодақтық комсомолдың зоналық мектебін тәмамдап, аудан жастарын жақсы істерге тәрбиелеуде ізгі істердің бастамашысы болды. Комсомолдардың республикалық II съезіне аудан жастарын бастап баруы да сол кезеңдегі елеулі оқиға болатын.

– Мектепке басшылыққа келген сәттен педагогикалық ұжымды игі істер бастауға, әрбір мұғалімнің жағдайын жете білуге көңіл бөліп, олардың жемісті еңбек етуіне жағдай жасап, ата-аналармен тығыз байланыс орнаттым. Жас мұғалімдерге үнемі ақыл-кеңес беріп, қамқорлыққа алдым, – деп өткен күндерді тебірене еске алады А.Нияз.

Қазалы ауданы.

# Әсерлі ән кеші

**Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің «Сазды мұра» атты концерті өтті. Түркітілдес елдердің әуендері шырқалған шараны облыстық филармония ұйымдастырды.**

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында өткен концертте түркітілдес халықтардың күйлері мен әндері, бақсылық әуендер, көмеймен орындаушылық, шаңқобызға арналған композициялар орындалды. Оркестр дирижерлары – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Күлдәрі Ізбанова мен Руслан Балмасов.

Кеште Сыр сүлейлерінің жалғасы, жырау Руслан Ахметов, классикалық өнердің майталманы Самал Байсейітова, халықаралық конкурстардың лауреаттары Бисенбек Төлеубаев, Сымбат Тасбергенова, Мақсат Мақұлбеков, Ақылбек Табынбаев өнер көрсетті. Сондай-ақ, сазсырнайда «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің әртісі Ақнұр Аманбаева, шаңқобызда Мырзағали Толыбеков, шертерде Бағдат Құдайбергенов әуендер орындап, көрерменнің жоғары ықыласына ие болды.

**«СБ» ақпарат.**

## Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-30) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішіндегі спутник-2-ден спутник-1 дейінгі мұнай коллекторын ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-31-01) «Қызылқия кенішінде мұнай жинау жүйесі. №540 ұңғымадан аралық құбыр тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-34) «Құмкөл кенішінің Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі 6 кВ №2 (ТП 6-2) тарату пунктін қайта жаңарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

---

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС (20-24) «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішінде №55 ұңғыманың аралық құбырын ауыстыру» жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com; электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-92-11.

## Хабарландыру

«ТұзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылдың 28 маусымындағы №204-п «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 52-тармағына сәйкес «Кетеқазған Солтүстік кен орнын игеру жобасының» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасын» талқылау барысында қоғамдық пікірді есепке алудың жазбаша ұсыныстар мен ескертулер қабылдау түрінде жүргізілетіндігін хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген жоба бойынша барлық сұрақтар төмендегі мекен-жай бойынша қабылданады:

Тапсырыс беруші – «ТМГ Оперейтинг» ЖШС. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қонаев к., 4, байланыс тел.:8 (7242) 29-98-91. Адранов Азамат Алматович. Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші – «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, байланыс тел.: 8-707-694-08-12. Амина Дуйсенказиева. Электрондық почта: duisa1@nipi.kz

## Нұрлансын аяттармен қабіріңіз



Әулетіміздің ардақтысы, ағайын-туыстың мақтан тұтар азаматы, бауырларының қамқоршысы, отбасымыздың тірегі, аяулы жар, асыл әкеміз Өмірзақ Сарбалаев 64 жасында осыдан бір жыл бұрын фәниден озған еді.

Әкеміз қоғамның қай саласында болмасын өзіндік орнын таба білген, отбасына алып бәйтеректей сая болған, баянды бағымыздың жалауы боп төбемізден құс ұшырмаған ардақты жан еді. Бұл күндері өмірде жоқ екеніне сену біздер үшін өте ауыр. Ойсыраған орныңызды ешкім де толтыра алмайды, жағып кеткен ошағыңыздың оты ұрпағыңыз барда ешқашан сөнбейді, әкешім.

Жан әке, сіз едіңіз жан шуағы,
Шаңырақтың шұғылалы шамшырағы.
Өзіңіз жоқ болған соң күн көмескі,
Қайткенде көңіл шіркін ашылады.

Жар болсын бәрімізге тәңіріміз,
Сіз салған адастырмас тағылым із.
Ас беріп, дұға қылдық, қабыл қылсын,

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз,– дей отырып, әкеміз Өмірзақ Сарбалаевтың жылдық асы 12 наурыз күні сағат 12.00-де "Бәйтерек" мейрамханасында берілетінін барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, бірге оқыған кластас, курстас жора-жолдастарына, ұжымдастарына хабарлай отырып, қасиетті құранның ішінде болуға шақырамыз.

**Еске алушылар: Сарбалаевтар әулеті.**

## Жарамсыз деп есептелсін

Сапарбек Сандуғаш Мұратқызының атына ЖШС "Оқу-клиникалық орталығы" Қызылорда облыстық филиалында "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша "Физиотерапия негіздері" циклы бойынша 2016 жылдың 13-25 маусым аралығында (108 сағат) біліктілігін арттырудан өткені үшін 2016 жылдың 25 маусымында берілген №413 біліктілігін арттырғаны туралы куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 28789 Тапсырыс №326 | Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА.**